



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6B01304 Бастауыш білім көптілділікпен

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Интеграцияланған пәндік - тілдік оқыту технологиясына сәйкес үш тілділік жағдайында кәсіби қызметін жүзеге асыруға және оңтайландыруға қабілетті педагог кадрларды білім берудің бастауыш сатысы үшін көптілді оқытумен даярлау
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- білім беру;</li><li>- тәрбиелік;</li><li>- әдістемелік;</li><li>- зерттеушілік;</li></ul>

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - Құқықтық және экологиялық білімді пайдаланады, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне олардың біртұтастығын көрсетеді;

ОН2 - пәндік-тілдік оқыту технологиясын қолдануды ескере отырып, базалық пәндерді ағылшын тілінде оқытумен оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсінеді, ғылыми-әдістемелік және ресми-іскерлік тілдік стилінде жазбаша мәтіндерді үш тілде құрай алады; қазіргі лингвистика саласындағы теориялық негіздер мен ережелерді практикада қолданады, мақсатты тілдерде: қазақша Т1, орысша Т2, ағылшынша Т3 қарым-қатынас жасауды, тілдік мәдениетті, академиялық салада, сонымен бірге мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында жазбаша және ауызша қарым-қатынас жанрларын меңгереді;

ОН3 - психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, спецификалық және жеке сипаттамаларын және инклюзивті білім беру құндылығын есепке алу құралдарын қолдана біледі;

ОН4 - салауатты өмір салты технологиясын қолданады, студенттерді психологиялық қолдау негіздерін біледі, мәдени қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін орындаушылық, вокалды-хор, көркем әрекет, эстетикалық, рухани сапалар негіздерін игереді;

ОН5 - негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндық компоненттерін жобалайды, дұрыс іскерлік шешімдер қабылдауға қажетті тез өзгеретін экономикалық ақпараттың рөлін түсінеді;

ОН6 - қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды, соның ішінде академиялық және кәсіби өзара әрекет үшін шет тілінде қолданады; оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын қолданады, оқушылардың субъективтілігін, қарым-қатынасын, адамгершілік пен толеранттылықты, ынтымақтастық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту үшін оқыту мен тәрбиелеудегі әдістемелік тәсілдемелерді қолданады;

ОН7 - білім беру үдерісінде жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі іс-әрекеттерді, заманауи цифрлық, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ұйымдастыру амалдарын қолданады.

ОН8 - бастауыш мектеп пәндерінің мәнін, олардың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін бағалайды; оқушының жетістіктерін критериалды бағалауды қолданады;

ОН9 - оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын талдауға қабілетті, барлық субъектілердің қызметін бағалай алады, заманауи әдістерді, оқыту технологиясын таңдайды және қолданады, бастауыш сынып пәндері бойынша оқу сабақтарын жоспарлайды және өткізеді, кері байланыс алудың әдістері мен құралдарын игереді, рефлексия әдістері мен тәсілдерін қолданады; оқушының көптілді тұлғасын тәрбиелеуде мақсатты түрде оқу-тәрбие үдерісін модельдейді;

ОН10 - теориялық білімдерін практикада қолданады, практикалық әрекет саласында педагогикалық шеберлік пен зерттеу дағдыларын дамытады; психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін модульдейді, өнімді жасау үшін гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түрде түсіндіру үшін әртүрлі дереккөздерден ақпаратты талдайды, жинақтайды, шығармашылықпен түрлендіреді.